

**Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 387/51-IV "Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 119/14-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 3 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 775 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 06.03.2019 № 363/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "Ережесі", "ережесінде" деген сөздер "Қағидасы", "қағидасында" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 225/31-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 387/51- IV "Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 29 қазанында № 652 болып тіркелген, 2010 жылғы 20 қарашадағы № 129 "Астана ақшамы" және 2010 жылғы 20 қарашадағы № 135 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегі Астана қаласында тұрақты тұратын тұрғын үй иесі немесе жалдаушысы (қосымша жалдаушысы) болып табылатын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) ақшалай төлем түрінде беріледі.

Тұрғын үй көмегі жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұратын азаматтарға осы мақсаттарға отбасы шығыстарының шекті

жол берілген деңгейінен асып кеткен жағдайда, коммуналдық және өзге де қызметтердің, сондай-ақ есептеу құралының құнын төлеуге беріледі.";

10-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"10. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтінішке келесі құжаттар (көшірмелер мен түпнұсқалар салыстыру үшін, түпнұсқада ұсынылатын анықтамалардан басқа) қоса беріледі:

1) тұрғын үйдің меншік иесімен (жалдаушы, қосымша жалдаушы) бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің жеке басын растайтын құжаттары;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органымен берілген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың болмауы (болуы) туралы анықтама;

3) тұрғын үйге құқық беретін құжат (жекешелендіру шарты, сыйға беру шарты, сатып алу-сату шарты және т.б.);

4) азаматтарды тіркеу кітабы;

5) некеге тұру немесе бұзу туралы куәлік;

6) отбасы кірістері туралы мәлімет;

7) еңбек қызметін растайтын құжаттар;

8) АХАЖ органынан (жалғыз басты аналар үшін) № 4 нысандағы анықтама;

9) тұрғын үй көмегін тағайындауға хабарласқан айдың алдындағы айға тұрғын үйді ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

10) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот және (немесе) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналыста бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасының негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен, мөрімен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоты;

11) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

12) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

13) есептеу құралы құнының түбіртек-шоты - жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұратын азаматтар үшін."

2. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрайымы  
Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы

Э. Суханбердиева

С. Есілов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК